

А. Ж. Бейсенбаев, қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу кафедрасының аға оқытушысы, полиция подполковнигі

(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.)

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында күдіктінің құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау және қорғау мәселесі

Аннотация. Мақалада қылмыстық процесс заңнамасы бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексерудегі күдіктінің құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау туралы сұрақтар қарастырылған.

Түйін сөздер: сотқа дейінгі тергеп-тексеру, күдікті, құқықтар мен заңды мүдделер, құқықтарын қорғау, анықтау мен тергеу.

Қазақстан Республикасының демократиялық және құқықтық мемлекет ретінде қалыптасуы, оның әлемдік қауымдастыққа егеменді мемлекет сапасында енуі, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостан-дықтарын мүлтіксіз сақтауды және тұлғаның арнамысы мен қадір-қасиетін құрметтеуді қарастырады.

Қазақстан Республикасында құқықтық қайта құрулар барысында қылмыстық сот өндірісінің барлық кезеңдерінде адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге бағытталған заңдылықты іске асыру кезеңдеп жүзеге асырылуда.

Қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында азаматтардың конституциялық құқықтарын сақтау және қорғау — отандық құқық қорғау жүйесінің алдында тұрған ең көкейтесті мәселелердің бірі. Мемлекетіміздің Президенті Нұрсұлтан Назарбаев құқыққорғау жүйесін біртіндеп қайта құру мен оны халықаралық стандарттарға сәйкестендіруге үлкен маңыздылық береді. Республикада жылдан-жылға қылмыстық жазалау саясатын гуманизациялауға, сот өндірісін жеңілдетуге, екпінді мекемелік ішкі мүдделерден азаматтардың құқықтарына ауыстыруға бағытталған жұмыс өткізілуде.

Осыған байланысты, азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, қылмыстық істерді тергеу барысындағы заңдылық кепілдіктерін сақтау мен қорғау мәселелері аса көкейтесті маңызға ие болуда.

Қылмыстық сот өндірісіндегі тұлғалық кепілдік жүйесі азаматтардың құқығы мен мүдделерін қорғауды жүзеге асырудың, сондай-ақ сот өндірісіне қатысушылардың міндеттерін орындаудың кепілдігі болып табылады. Тек тығыз бірлікте, бірін-бірі толықтыра отырып, құқықты, заңды мүдделерді қорғау, сот өндірісіне қатысушылардың міндеттерін орындау қылмыстық іс жүргізу статусы мен күдікті статусын қамтамасыз етеді.

Белгілі процессуалист В. Н. Корнуковтың пайымдауынша, күдіктінің тұлғалық процессуалдық кепілдігі органикалық және функционалдық болып бөлінеді [1]. Органикалық процессуалдық кепілдікке заңмен қарастырылған күдіктінің, оның өкілінің, қорғаушының құқықтары мен міндеттері немесе жеке дербес жағдай, элемент, қағида немесе тәртіп түрінде заңмен қарастырылған арнайы ережелер жатады. Функционалдық процессуалдық кепілдікке күдіктінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға және міндеттерін орындауға бағытталған лауазымдық тұлғалар мен органдардың құқықтары мен міндеттері жатады. Оған, мысалы, қылмыс жасағаны үшін күдіктіні соттың санкциясынсыз қамауға алмау ережесі жатады. Бұл ереже тұлғаға қол сұқпау конституциялық қағидасының құрамдас бөлігі болып табылады.

Тек қана күдіктінің құқықтарын, заңды мүдделерін және міндеттерін қылмыстық қудалау органдарының құқықтары мен міндеттерінсіз жеке дара алып қарау мүмкін емес. Сондықтан, қылмыстық қудалау органдарының құқықтарымен және міндеттерімен тығыз қарым-қатынассыз күдіктінің құқықтары мен міндеттері өзінің арнаулы маңыздылығын таппайды [2]. Соған сәйкес, күдіктінің құқықтарының, заңды мүдделерінің және міндеттерінің кепілдігі оның құқықтық статусының міндетті және аса қажет элементі болып табылады.

Әркімнің жеке бостандығы қағидасы қылмыстық қудалау органдары қызметінің аса маңызды конституциялық қағидасы болып табылады. Қазақстан Республикасының Конституциясы азаматтарға тұлғаға қол сұғылмаушылыққа және жеке бостандық құқығына кепілдік береді. Қамауға алу және күзетпен ұстау тек қана заңмен қарастырылған жағдайларда сот санкциясымен және қамаудағы адамға сот арқылы шағым түсіру құқығын берумен ғана жүзеге асырылады. Тұлға сот санкциясымен тек жетпіс екі сағаттан аспайтын мерзімге ғана ұсталуы мүмкін. Әрбір ұсталған, қамауға алынған, қылмыс жасағаны үшін айыпталушы сотқа дейінгі өндірістің кез келген кезеңінде адвокаттың (қорғаушының) көмегін қолдануға құқылы.

Негізгі Заңның осы тұжырымының тікелей әсері барын, демек қылмыстық қудалау органдарының бұл талаптарды басқа ешқандай заңдарға сілтеме жасамай орындауы керектігін атап өту керек. Осы процессуалдық тәртіп тұлғаға қол сұқпау құқығының кепілі болып табылады.

Күдіктінің құқықтарының, заңды мүдделері мен міндеттерінің функционалдық кепіліне күдіктінің құқықтарын, заңды мүдделерін қорғауды және процессуалдық міндеттерін орындауын қамтамасыз ету барысында орындалатын қосалқы құралдарды да жатқызуға болады. Бұл — лауазымды тұлғалардың құқықтары мен міндеттері. Күдіктіге қатысты қолданылған қамауда ұстау туралы шешімін басқаға өзгерткенде тергеуші өзінің құқығын жүзеге асыра отырып, көбіне өзінің осы шешімінің іс бойынша дәлелдемелермен үйлесімді болуын негізге алады.

Ал объективті түрде бұл шешім күдіктінің қамау орнында болып зардап шекпеуге бағытталған мүддесін қорғауға жағдай жасайды. Екіншіден, тергеушінің қылмыс жасағаны үшін күдіктіні жасалған қылмыстың қауіптілігіне байланысты қамауда ұстау туралы шешімі күдіктінің тергеушінің шақыруымен келіп, тергеуден бой тасаламай өзінің процессуалдық міндеттерін орындауға ықпал етеді.

Тұлғаның, оның ішінде сезіктінің құқықтары мен заңды мүдделерінің қылмыстық-процессуалдық кепілінің маңызды элементі — қылмыстық-процессуалдық құқықпен реттелген қылмыстық-процессуалдық форма [3].

Процессуалдық форманың жалпы түсінігіне қылмыс жасағаны үшін күдіктіге қолданылатын ұстау және басқа да бұлтартпау шараларын қолдану жағдайлары және тәртіп, негіз, себеп тәрізді жеке ұғымдар да жатады.

Қылмыс жасады деген күдікпен ұсталған тұлғаның құқықтары айтарлықтай шектеледі. Ол қозғалу бостандығынан, басқа тұлғалармен ара-қатынас, мүлікті қолдану құқықтарынан айырылады, оның хабарламалары тексеріледі, тінту жүргізіледі. Қамауға алудың адамға моральдық-өнегелік әсері де зор. Осыған байланысты, процессуалдық мәжбүрлеу шараларын іске асыру барысында тұлғаның құқықтары мен заңды мүдделерінің кепілін қамтамасыз етудің тиімді жүйесі жұмыс жасауы керек. Ең бастысы, кепілдік нақты реттелген қылмыстық-процессуалдық ұстаудың негіздеріне, жағдайларына және процессуалдық тәртібіне тиесілі.

Қылмыстық сот өндірісі мақсаттарының анықтамасында тек қана қылмысты ашу, кінәлілерді анықтау және оларға әділ жаза қолданумен бірге кінәсі жоқ тұлғаларды жазықсыз қудалаудан және соттаудан арашалау мақсаты қойылған. Тұлғаның құқықтары мен заңды тұлғаларын қорғау қылмысты ашу мақсатына қарсы қойылмайды, керісінше, қылмыстық істі жан-жақты, толық тергеудің маңызды жағдайы ретінде қарастырылады.

Әдебиетте процессуалдық кепілдік заңмен бекітілген тұлғаның құқығы мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған әділ заңдылықты жүзеге асырудың құралы мен әдісі болып табылады. Дұрыс, біздің ойымызша, процессуалдық кепілдік дегеніміз барлық қылмыстық процесс институттарының, нормаларының және қағидаларының жиынтығы. Бұл кепілдіктердің мақсаты — негізсіз және заңсыз процессуалдық мәжбүрлеу шараларын, оның ішінде ұстауды болдырмау. Тұлғаның құқықтарының кепілдігінің ішінде ұстауды жүзеге асыру кезінде тұлғаның мүдделерін қорғауға аса назар аударған жөн [4].

А. Н. Ахпановтың кепілдік жүйесінің мақсаты, егер бұның алдында заң бұзушылыққа жол берілген болса, бұдан кейінгі звено «құқықты қамтамасыз етуші» фактор ретінде қызмет көрсетуі керек деген анықтамасы толық негізді деп ойлаймыз [5].

Қылмыста күдіктіге тұлға тек қана заңда көрсетілген негіздер мен тәртіпке сәйкес, тек қана егер қылмыстық іс өндірісінің мақсатына жету мүддесіне сәйкес болса ғана процессуалдық ұстау қолданылады. Күдіктінің бұл заңды мүддесі мемлекет қорғауында және құқықтық қоғам құру, қылмыспен күрес саласындағы мемлекет мүддесіне сәйкес келеді. Ал заңсыз ұстау тек қана жеке азаматтардың мүддесіне қайшы келмейді, сонымен қатар мемлекет мүддесіне де қайшы келеді.

Қылмыстық процесс барысында оған қатысушылардың жасаған әрекеттері тек қана егер олар заңда көрсетілген болып, заңды негізде орындалса ғана заңды күшке және маңызға ие бола алады. Сондықтан, қылмыстық процеске қатысушылардың іс-әрекеттері тек қана оларға заңмен берілген құқықтар мен міндеттерге сәйкес болуы шарт.

Қылмыстық процессте азаматтарға оларды қолдана отырып өздерінің заңды мүдделерін жеткізіп және қорғай алатын бірқатар құқықтар берілген. Сондықтан, азаматтардың құқықтарын қамтамасыз ететін кепілдіктер олардың заңды мүдделерінің кепілі.

Сондықтан қылмыстық іс жүргізу саласындағы жалпыға танымал халықаралық нормалар мен стандарттарды одан әрі қолдану адамның және тұлғаның конституциялық құқықтарын сақтауға ықпал жасайды.

РЕЗЮМЕ

В статье рассмотрены вопросы защиты, соблюдения прав и законных интересов подозреваемого в ходе досудебного расследования, предусмотренные уголовно-процессуальным законодательством.

RESUME

The article deals with issues of protection, observance of rights and legitimate interests of suspects during the pre-trial investigation, stipulated by the criminal procedural legislation.

Пайдаланылган әдебиеттер тізімі:

1. Корнуков В. М. Меры процессуального принуждения в уголовном судопроизводстве. — Саратов, 1978.
2. Стецовский Ю. И., Ларин А. М. Конституционный принцип обеспечения обвиняемому права на защиту. — М., 1988.
3. Кокорев Л. Д., Лукашевич В. З. Процессуальные гарантии прав и законных интересов личности в уголовном судопроизводстве. — Л., 1977.
4. Курс советского уголовного процесса: Общая часть. — М, 1989.
5. Ахпанов А. Н. Пределы правоограничения личности в уголовном судопроизводстве. — Караганда, 1995.